

ЖШС «Малика» мектепке дейінгі шағын орталығының менгеруші жанындағы кеңесі отырысының хаттамасы №4

15.02.2023 жыл

Шымкент қаласы

Төрайымы - К.Джаксибаева  
Хатшысы - Д.Турлыбек  
Қатысқандар – 11

### Күн тәртібі

1. Аттестациядан өтетін тәрбиешілердің іс-құжаттарына талдау жүргізу.
2. Сюжеттік-рөлдік ойындарды үйымдастыру және өткізу.
3. Балалардың бағдарламаны игеруіне салыстырмалы талдау жүргізу.
4. Қосымша сабактардың өткізілуіне талдау жасау.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша менгеруші К.Джаксибаева аттестациядан өтуге талап білдіретін тәрбиешілерге өз ісіне өте ұқыпты, оқу үйымдастыру қызметі бойынша жұмыстары жоспарға сай, балалармен қарым-қатынасы өз дәрежесінде, барлық балалармен тіл табыса алатын және оларды баули отырып, үйымдастыру қабілеті жоғары болуы қажеттігіне тоқталды. Сондықтан барлық құжаттары талапқа сай болулары қажет.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша әдіскер сюжеттік- рөлдік ойындарды үйымдастырудың педагогикалық принциптері мен оларды басқарудың қазіргі заман әдістері басшылыққа алына отырылып, балабақшада өткізілетіндігіне тоқталды. Тәрбиешілер сұхбат- әңгіме, белгіленген тақырыптар бойынша балалардың әңгіме құруы, әдеби туындылар бойынша сахналу жұмыстарын жолға қойған.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша тәрбиеленушілердің бағдарламаны игеруі талапқа сай келеді. Бастапқы үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеруі бойынша даму мониторингісімен салыстырғанда аралық даму мониторингісі әлдеқайда жоғарылаған. Бұл дегеніміз балалардың білім деңгейінің өсуі деп түсінеміз. Балабақшада оқу қызметінің үйымдастырылып өткізілуі өз дәрежесінде.

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша қосымша сабактар орыс тілі, ағылшын тілі сабактары, логопед жұмыстары жайлы айта келіп, сабактардың жылдық жоспарларына сәйкес өткізіліп жатқандығы, ал логопед жұмысы бойынша кейір әріптерге тілі келмейтін балалармен және сөйлей алмайтын балалармен жұмыстардың өз дәрежесінде өтіліп жатқандығы жайлы айттылды.

#### Шешім:

1. Аттестациядан өтетін тәрбиешілер өз құжаттарын талапқа сәйкес реттесін..
2. Сюжеттік- рөлдік ойындарды үйымдастыру және бағдарламаны игеру жұмыстары одан әрі жандандырылсын.
3. Балалардың бағдарламаны игеруіне салыстырмалы талдау жұмысы дұрыс деп табылсын.

Төрайымы  
Хатшысы



К.Джаксибаева  
Д.Турлыбек